

**Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитетінің «Экономика институты» ШЖҚ РМК**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ
ЖАДЫНАМА**

Алматы, 2025

**Диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты
арттыратын басты фактордың біріне айналады.**

**Біз надандық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа және
сыбайлас жемқорлыққа табанды түрде қарсы тұрамыз.**

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 16.03.2022 ж. Жолдауынан

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы (01.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге).
2. «Мемлекеттік қызмет туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Қазақстан Республикасының Заңы (22.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге).
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі (01.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге)
4. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі (22.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге)
5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі (01.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге)
6. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі
7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы
8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы
9. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы» Жарлығы (Қазақстан Республикасы Президентінің 09.06.2016 № 275 Жарлығымен енгізілген өзгерістерімен бірге)
10. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 154 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу және оны жариялау қағидаларын бекіту туралы» Жарлығы.

11. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 74 «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы» Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 74 Жарлығы.

12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 29 тамыздағы № 270 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде 2023 жылғы 31 тамызда № 33350 болып тіркелді)

13. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

14. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы. ҚР ӘМ-де 2016 жылғы 21 қарашада № 14441 болып тіркелді (04.02.2023 ж. өзгерістерімен бірге).

15. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 18 «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы» нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысымен күшін жойды.

16. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 13 қазандағы № 7 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) аумақтық органдары туралы ережені бекіту туралы» бұйрығы.

17. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығы. Квизимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы. ҚР ӘМ-де 2023 жылғы 31 наурызда № 32211 болып тіркелді.

Ескертпе: жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілермен www.adilet.zan.kz сайтында тегін танысуға болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі материалдар ҚР БҒМ ФК «Экономика институты» РМК <http://ieconom.kz/category/adal-alan/> сайтында орналастырылады.

Институтта комплеанс-функцияларды орындау заңгер Т.Ж. Нажимеденовке жүктелген. Тел. 8 707 249 84 54 e-mail: t.nazhimedenov@gmail.com

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні 9 желтоқсанда атап өтіледі. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясының 2003 жылғы 21 қарашадағы № А/RES/58/4 қарарымен жарияланды.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Экономика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Институт) өзінің құқықтық мәртебесіне байланысты:

квазимемлекеттік сектор субъектісі (Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 3-бабы 1-тармағының 31-тармақшасы);

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектісі болып табылады («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2) тармақшасы).

Институттың бас директоры, оның орынбасарлары – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 1-бабының 4) тармақшасы.

Сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына енгізілген толықтыруға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға мемлекеттік бюджеттің қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адамдар жатады. Ғылыми ұйымдарда осы санатқа ғылыми жобалардың жетекшілері де жатады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы сыбайлас жемқорлық ұғымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды, оның ішінде қаржылық және т.б. шараларды белгілейтін осы саладағы негізгі заңнамалық акт болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы Жарлығымен **Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы** бекітілді.

ҚР Еңбек кодексінің 26-бабының 2-тармағына сәйкес 2021 жылдан бастап бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауға тыйым салынды. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа қабылдау кезінде лауазымға үміткер Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық басқармасынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқ немесе бар екендігі туралы мәліметтерді ұсынуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес өзге де шаралар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

- 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;

- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 3-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтау;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтау;
- 6) қаржылық бақылау;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;
- 8) мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу;
- 9) кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары;
- 10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашу және тергеп-тексеру;
- 11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау;
- 12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жою;
- 13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялау.

Сыбайлас жемқорлық шектеулері («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабы)

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың (Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар осы Заңның 13, 14, 14-1 және 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өздеріне:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау;
- 5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс

жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау бойынша шектеулерді қабылдайды.

**Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет
(«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» О ҚР Заңының 13-бабы)**

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда), **мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға** (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдарға:

1) егер шаруашылық етуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық етуші субъектіні басқаруға өз бетінше қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін құқыққа сыйымсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;

2) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акцияларды) сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға тыйым салынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНЕН ҮЗІНДІ

15-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ПЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

- 361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану
- 362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану
- 363-бап. Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу
- 364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу
- 365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау
- 366-бап. Пара алу
- 367-бап. Пара беру
- 368-бап. Парақорлыққа делдал болу
- 369-бап. Қызметтік жалғандық жасау
- 370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік
- 371-бап. Салғырттық

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНЕН ҮЗІНДІ

34-тарау. ӘКІМШІЛІК СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

- 676-бап. Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі
- 677-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы
- 678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі
- 679-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы
- 680-бап. Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы
- 681-бап. Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысымен Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидалары бекітілді

Осы Қағидаларға сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу белгіленеді.

Параның немесе келтірілген залалдың сомасы не ұсынылған жеңілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) аспайтын немесе залалы жоқ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы мынадай мөлшерде белгіленеді:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК;
- 2) онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;
- 3) ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;
- 4) ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;
- 5) аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Пара немесе келтірілген залал сомасы немесе ұсынылған жеңілдіктер немесе көрсетілген қызметтер құны бір АЕК асатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы пара немесе келтірілген залал немесе ұсынылған жеңілдіктер немесе көрсетілген қызметтер сомасының он пайызын құрайды, бірақ төрт мың АЕК-тен аспайды.

Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдайларда грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау түріндегі көтермелеулер белгіленуі мүмкін.

Көтермелеу мөлшерін айқындау кезінде Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген актілер күшіне енген күні қолданылатын айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

Көтермелеулерді қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Көтермелеудің шарттары, негіздері және тәртібі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;
- 3) кейіннен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін маңызы болған өзге де жолмен жәрдемдесуін қамтиды.

Көтермелеу адам берген ақпарат шындыққа сәйкес болса не егер адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге ықпал еткен болса және айыпты адамға қатысты:

- 1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енген;

2) айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларының немесе 36-бабының негізінде соттың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысы заңды күшіне енген, қылмыстық қудалау органының қылмыстық істі тоқтату туралы сот қаулысын прокурор бекіткен жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамның ақпараты негізінде:

1) ауырлығы әртүрлі дәрежедегі бірнеше қылмыс анықталса, біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу олардың неғұрлым ауыры үшін осы Қағидалардың 2-тармағында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады;

2) ауырлығы бірдей дәрежедегі бірнеше қылмыс анықталса, біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу бір рет жүзеге асырылады.

Уәкілетті органға не сыбайлас жемқорлық құқыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдескен адам көтермелеу құқығы туындағаннан кейін, жәрдем көрсетілген органға көтермелеу туралы өтінішпен жүгінеді және Қағидалардың 9-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоса береді. Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібімен Қағидаларда толығырақ танысуға болады.